

ОӘЖ 336.221

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БЮДЖЕТТІК РЕТТЕУДІҢ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Лесбек Айдос Асанұлы

teamlesbek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., профессор Керімбек Ғ.Е.

Мемлекетіміздің Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру мәселесін қозғады. Онда былай делінген: «Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет ахуалы қажет». Нарықтық қатынастардың құрылымында мемлекеттік қаржы зор рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында 2050 жылға дейін кезең-кезеңмен міндеттерді шешілуі принципті маңызды міндет ретінде макроэкономикалық саясатты жаңғыртуды, соның ішінде бюджет саясатын бірінші орынға қоя отырып:

- біз бюджет саясатының жаңа принциптерімен қарулануға – өз мүмкіндіктеріміз шегінде ғана шығындануға және тапшылықты барынша мүмкіндікте қысқартуға тиіспіз. Ұзақ мерзімде олардың сақталуын қамтамасыз ете отырып, «қиын-қыстау» күнге резервтер жинау қажет.

- бюджеттік-қаржылық үдеріске деген көзқарас жекелей салымдарға көзқарас секілді ұқыпты да ойластырылған болуға тиіс. Басқаша айтқанда, бірде-бір бюджеттік теңге ысырап болмауға тиіс.

- мемлекет бюджеті ұзақ мерзімді перспектива тұрғысынан қарағанда өнімді, мәселен, экономиканы әртараптандыру және инфрақұрылымды дамыту секілді жалпыұлттық жобаларға бағытталуы тиіс.

- инвестициялар үшін объектілерді олардың мақсаттылығы және қайтарымдылығы тұрғысынан қатаң іріктеу қажет. Ең заманауи объектілердің өзі оларды ұстап тұру үшін шығыстарды талап етіп, бірақ кірістер әкелмейтін болса және ел азаматтарының мәселелерін шешпейтін болса, бюджетке масыл боларын есте сақтаған жөн – деп, бюджет саясатына тоқталып өткен болатын [1].

Мемлекеттің қаржысы мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси функцияларын орындау үшін оны қажетті ақшалай ресурстармен қамтамасыз ететін елдің қаржы жүйесінің маңызды сферасы болып табылады және олар экономика мен социумдағы сан алуан өзара байланыстарды қамтитын мемлекеттік сектордың өндірістік және әлеуметтік қатынастардағы іс-қимылмен байланысты. Мемлекет қаржысының іс-әрекеті кезінде өзара тығыз байланысты екі үдеріс пайда болады: мемлекеттік құрылымдардың қарамағына қаржы ресурстарын жұмылдыру және қаражаттарды мемлекеттің әр түрлі қызметтеріне

пайдалану. Бұл үдерістің алғашқысы өзінің көрінісін мемлекеттің кірістері ұғымында, екіншісі мемлекеттің шығыстарында табады. Аталған ұғымда жеке дара звенолардың әрқайсысы спецификалық орын алады сонымен қатар республикалық және жергілікті деңгейлерде іс әрекет етеді.

Қазіргі уақытта мемлекет экономикасының дамуы мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін жоғарылату қажеттілігін ескертеді. Мемлекеттік қаржылық бақылау, мемлекеттік басқарудың басты функциясы бола тұрып, өзімен республикалық, сонымен қатар жергілікті бюджет құрамындағы қаржы қаражаттарды құру, бөлу және пайдалану бойынша әрекеттердің заңдылығын, мақсатқа сәйкестілігін және тиімділігін тексерудегі іс-шаралар жүйесін қарастырады. Бұл ретте мемлекеттік бюджет қаражаттарын пайдалану тиімділігін бағалау үнемділік, өнімділік және тиімділік қағидаттарына сүйенеді. Негізгі мақсаты мемлекеттік ресурстарды пайдалану тиімділігін жоғарылату, қоғамды сапалы әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету, билік органдары мен мемлекеттік сектор қызметтерінің ашықтығына қол жеткізу болып табылады.

Қазақстан Республикасында нәтижеге бағытталған бюджеттеудің енгізілуіне орай, мемлекеттік қаржылық бақылаудың негізгі функциясына қазіргі бақылау формалары негізінде алынған нәтижелердің уақтылы және толық бағалануы жатады. Ал осы нәтижеге бағытталған бюджеттеу қаржылық бақылау жүйесінің дамуы мен бюджеттік қаражатты пайдалану нәтижелілігін арттыру құралы- тиімділік аудитімен тығыз байланысты.

Мемлекеттік бюджет қаражаттарын пайдалану тиімділігін бағалау мен бақылауды енгізу, аталмыш ресурстарды тиімді басқаруға, еліміздің экономикасының дамуына, жағымды әлеуметтік- экономикалық климатты қалыптастыруға, мемлекет қызметінің экономикалық бағытын сақтауға мүмкіндік береді. Сол себепті де мемлекеттік қаржылық бақылаудың тиімді жүйесінің құрылуы мен дамуын, оның еліміздің экономикасының дамуында қоғамдық қажеттілік ретінде әсерін өзекті теоретикалық және тәжірибелік мәселе ретінде қарағанымыз дұрыс.

Қаржылық байланыстардың орасан зор әр алуандығында жеке ортақ ерекшеліктерімен көзге түсетін оқшауланған сфераларды бөліп көрсетуге болады. Мәселен, мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілерімен және халықпен қалыптасатын қаржы қатынастары жалпы қоғамдық өнімді құндық бөлудің ерекше саласын құрайды және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған орталықтандырылған ақша қорын қалыптастырумен және пайдаланумен байланысты болады. Қаржы қатынастарының бұл жиынтығы «мемлекеттік бюджет» ұғымының экономикалық мазмұнын қарайды. Демек, мемлекеттік бюджет мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын жасау және оны ұдайы өндіріс пен қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсаттарына пайдалану жолымен қоғамдық өнімнің құнын бөлу және қайта бөлу үдерісінде мемлекет пен қоғамдық өндірістің басқа қатысушылары арасында пайда болатын экономикалық қатынастарды білдіреді.

Яғни, мемлекеттік бюджет елдің негізгі қаржылық жоспары бола тұра, билік органдарына елдің әлеуметтік- экономикалық саясатын іске асыру үшін мүмкіндік береді. Бюджет қаражаттарды бөлудің нақты бағыттарын, ұлттық табысты қайта бөлуді және ішкі жалпы өнімді бекітеді, ол өз кезегінде оған экономиканы тиімді реттеуші құрал болуына мүмкіндік береді. Осы мәселелер шешімдерінің тиімділігі көрсеткіштердің әр түрлі комбинацияларын қолданатын, бюджеттің табыс және шығыс бөлігіне, сонымен қатар елдегі әлеуметтік- экономикалық жағдайына әсер ететін бюджеттің атқарылу нәтижелерін моделдеу есебінен артуы мүмкін. Мемлекеттің қаржылық ресурстары мен бюджеттік қаражаттары қаржыны басқарудың, яғни құру, атқару және ақша ағындарының қозғалысын басқарудың объектісі болып табылады. Басқа жағынан, мемлекеттің қаржылық ресурстары мен бюджеттік қаражаттары әрдайым қаржылық бақылауда болуы шарт. Қазіргі қаржы теориясы қаржылық бақылауды қаржы қызметі саласында пайда болатын (пайда болу сатысында), олардың анықталған мақсаттарға шығындалу негізділігін тексеруге бағытталған қоғамдық қатынастар жүйесі ретінде қарастырады. Қаржылық бақылаудың

болуы экономикалық категория ретінде қаржыға бақылау функциясының сәйкестілігіне негізделген. Осы функция арқылы қаржы орын алып отырған бөлу пропорциялары, қорлар ара қатынасы, олардың құрулы, атқарылу көздері жөнінде ескертеді [2].

Нарықтық механизмге көшу жағдайында мемлекеттік бюджеттің қаражаттары ең алдымен экономиканың құрылымын қайта құруды, кешенді мақсатты бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруға, ғылыми-техникалық әлеуетті арттыруға, әлеуметтік дамуды тездетуге және халықтың табысы аз жіктерін (зейнеткерлерді, мүгедектерді, аз қамтылған отбастарын) қолдау, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет мекемелерін әлеуметтік қорғауға бағытталуы тиіс.

Мемлекеттік билік атрибутының ажырамас бөлігі болып мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі (қаржылық, бюджеттік және салықтық тәртіпті нығайтуға себепші болатын тиімділікті арттыру) табылады. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде бюджеттің рөлінің тиімділігі жоғары. Шынында да, Елбасының «Қазақстан - 2030» атты стратегиялық жоспарында ерекше атап өтілген сала әлеуметтік жағдайды жақсарту, экономиканың тұрақты даму кезінде ғана болмақ. Осы тұрғыда бюджеттік шығыс ресурстарының әлеуметтік бағыттылығы арта түсуде. Бар проблемаларды шешу мен дамудың келешекке бағыттарын анықтау жолымен мемлекеттік қаржылық бақылаудың ықпалды жүйесін құру- біздің мемлекеттің өзекті мәселесі. Аталмыш мәселенің маңыздылығы бір талай факторлармен көрсетілген. Жыл сайын республикалық және жергілікті (мемлекеттік) бюджет көлемі артуда, бюджеттік, оның ішінде инвестициялық бағдарламалар саны өсуде, бюджет қаражаттарының едәуір бөлігі экономиканың нақты секторын дамытуға және мемлекеттің әлеуметтік мәселелерін шешуге бөлінуде. Бірақ, республикалық бюджет сферасындағы белгіленген жағымды тенденция эффектісі салықтық және бюджеттік заңнамаларда жіберілген бұзушылықтар: табыстарды жасыру, салықтардың, алымдар мен басқа да міндетті төлемдердің уақтылы емес жөнелтілуі, республикалық бюджет қаражаттардың негізсіз пайдаланылуы нәтижесінде төмендеуде.

Жалпымемлекеттік мәні бар шараларды қаржыландыруды қажетті ақша қаражаттарымен қамтамасыз ететін республикалық бюджет елдің экономикалық үдерісін реттеуде аса маңызды рөл атқарады. Сол себепті де, республикалық бюджет атқарылу тиімділігін бағалау еліміздің маңызды салаларына бөлінген қаражаттардың игерілу коэффициентін, жоспарларға жету нәтижелілігін бағалауды қамтиды.

Бюджеттік қаражаттарға, яғни салық төлеушілер қаражатына жасалатын және жүзеге асырылатын жобалар мен бағдарламалар, кез келген ауқымды жаңашылдықтар тиімділігі- мемлекеттік және қоғамдық бақылаудың аса маңызды назар объектісі болып табылады. Бұл өз кезегінде бағдарламалар тиімділігін нақты есепке алуды қажет ететін құқықтық құжаттардың болуын дәріптейді. Осындай жағдайда мемлекеттік шығыстардың әлеуметтік- экономикалық тиімділігін сауатты бағалау қажет.

Соңғы кездері тиімділік аудиті кең таралған ұғымға айналғаны рас. Бюджеттен бөлінген қаражаттарды тиімді және мақсатты пайдалану міндеттілігі мен нәтижеге бағытталған бюджеттендіру негізінде бюджеттік үдерістің тиімді жүзеге асыруына қажетті талаптарды жасау үшін тиімділік аудитін ұйымдастырған жөн. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың бұл түрі бюджетті жасау мен атқарумен жұмыс атқарады, бұл ретте бюджеттік қаражаттарды жоспарлау, бөлу және пайдалану мемлекеттік саясат мақсаттары мен мәселелеріне сай жүзеге асырылады және олар бюджеттік қаражаттарды қабылдаушылардың түпкі әлеуметтік- экономикалық нәтижелеріне жетуін, сонымен қатар оларға жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуын қамтамасыз ету қажет.

Тиімділік аудиті өзімен мемлекеттік билік органдары және мемлекеттік қаражаттарды қабылдаушыларға жүктелген функциялар мен алға қойған мақсаттарды орындау үшін бөлінген мемлекеттік қаражаттарды пайдалану тиімділігін анықтау мақсатында тексеруді қамтиды. Мемлекеттік қаражаттарды тиімді пайдалану аудиті келесі элементтерді өзіне кіріктіреді:

- тексеріліп жатқан ұйым қызметінің нақты нәтижелеріне жету мақсатында жұмсалған мемлекеттік қаражаттарды пайдалану үнемділігін тексеру;
- тексеріліп жатқан ұйымның алға қойған мәселелері, бөлінген ресурстар көлемін ескере отырып жоспарлы көрсеткіштерге қарағанда нақты нәтижелерге қол жеткізу бойынша нәтижелілігін тексеру.

Тиімділікті талдау коэффициенттері мемлекеттік қаражаттарды пайдалану үдерісі және нәтижесінің сандық және сапалық сипатын білдіреді. Бұл көрсеткіштер (үнемділік, өнімділік және нәтижелілік) бюджет қаражаттарының тиімді пайдалануын дәріптейді. Критерийлер тандау барысында критерийлердің негізгі принциптері сақталынуы керек: объективтілік, нақтылық, салыстырмалылық, жеткіліктілік.

Үнемділік өз кезегінде тексеріліп отырған объектінің қойылған мақсаттарға мемлекеттік бюджет қаражаттарының минималды көлемімен нәтижеге жеткендігін немесе бөлінген қаражаттың барлық сомасымен аса жоғары нәтижелілікке жеткендігін анықтайды және базалық жыл мен ағымдағы жыл арасындағы қатынас арқылы есептелінеді.

Үнемділік ресурстар мен оларды пайдалану нәтижелілігі арасындағы ең жақсы қатынасын білдіреді, өнімділік ресурстарды қолдану рационалдылығымен сипатталады, ал нәтижелілік болса алға қойған мақсаттар немесе алға қойған мәселелер шешімдеріне қол жету дәрежесін көрсетеді [3].

Сонымен, қорыта келгенде республикалық бюджетті қалыптастыру мен атқаруда орын алып отырған мәселелерді шешу міндеті қазіргі таңда өзекті болып отыр. Бюджетті жоспарлаудағы тиімді, нақты болжамдар жасау әлі де болса дұрыс жолға қойылмаған. Бұл жерде әлемдік нарықтағы шикізат бағасына тәуелділіктің де әсер етіп отырғандығы айқын. Бұдан бөлек, еліміздегі бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің қаражатты толық игермеуі немесе тиімсіз пайдалануы салдарынан бюджет атқарылуында олқылықтар орын алып отыр. Бұл мәселе қаражатты мақсатты пайдалануды жолға қоюды, сонымен қатар қаржылық бақылау органдарының қызметін жетілдіруді қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халыққа Жолдауы// -Астана. Елорда, 14 желтоқсан 2012.
2. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 19 ақпан 2012.
3. Өтебаев Б.С. Мемлекеттік бюджет: оқулық / Алматы: Экономика, 2014.